

Өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парагының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 15-08/579 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 525 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 11 тамызда № 11858 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1138 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 819 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.12.2015 № 15-05/1138 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 29.12.2015 № 819 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Қоса беріліп отырған осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парагының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде м е м л е к е т т і к т і р к е л у і н ;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне р е с м и ж а р и я л а у ғ а ж і б е р і л у і н ;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінде ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. «Өсімдіктер карантині бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру

парагының нысанын және тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 15-07/202 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 15 мамырдағы № 01-04-03/74 НҚ бірлескен бұйрықтың (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 10 маусымда № 8502 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 тамыздағы № 198 (28137) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған)) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

«КЕЛИСІЛГЕҢ»

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Кұқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің төрағасы

C. Айтпаева

2015 жылғы 15 шілде

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 26 маусымдағы
№ 15-08/579 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 13 шілдедегі
№ 525 бірлескен бұйрығына
қосымша
Нысаны

Өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парагы

Карантинге жатқызылған өнімдерді өндіруге, дайындауға, қайта өндеуге, сақтауға, тасымалдауға және өткізуғе байланысты қызметті

жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар қатысты

(Тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті топтарының атауы)

Аумақтық инспекцияның атауы_____

Тексеру тағайындау туралы акті_____

(№ , күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы_____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН) БСН_____

Орналасқан мекенжайы_____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Қойылатын талаптарға сәйкес	Қойыл талаптарға сәйкес
1	2	3	4	5	6
1	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатының болуы				
2	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына қайта экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің қайта экспорттау фитосанитариялық сертификатының болуы				
3	Карантинге жатқызылған өнімді сактау немесе қайта өндөу жүзеге асырылатын қойма үй-жайларына жыл сайынғы профилактикалық залалсыздандыруды жүргізу				
4	Отыргызылатын немесе тұқымдық материалды зертханалық сараптама нәтижелері алынғанға дейін пайдалануға жол бермеу				
5	Отыргызылатын немесе тұқымдық импорттық материалды зертханалық сараптама нәтижелері алынғанға дейін сактау шарттарын сактау				
6	Қазақстан Республикасының аумағына азық-түлік, жемшөп және техникалық мақсаттарда пайдалану үшін әкелінген дәнді, дәнді-бұршақтық, майлыштық дақылдарды тұқымдық мақсатта пайдалануға жол бермеу				
	Қалдықтарды міндетті түрде жоя отырып, карантинге жатқызылған импорттық өнімді,				

7	сондай-ак карантиндік аймақтардан әкелінген карантинге жатқызылған өнімді тасымалдағаннан кейін көлік құралдарына тазартуды жүргізу		
8	Карантинге жатқызылған өнімді алып келе жатқан жолында немесе межелі пунктінде басқа мекенжайға жіберу кезінде уәкілетті органның рұқсатының болуы		
9	Карантиндік арамшөптермен қоқысталған тұқымдық немесе отырғызылатын материалды егу үшін пайдалануға жол бермеу		
10	Карантиндік объектілерден бос аймақта дайындалған карантинге жатқызылған өнімнен карантиндік объектілер таралатын аймақта дайындалған карантинге жатқызылған өнімді сақтауды немесе тазартуды жүзеге асыруға жол бермеу		
11	Қызметі карантинге жатқызылған өнімді өндіруге, дайындауға, қайта өндеуге, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге байланысты егістіктерді, аумақтарды, қоймаларды жүйелі түрде зерттеуді қамтамасыз ету		
12	Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ак карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен залалданған көлік құралдарын әкелуге жол бермеу		
13	Қазақстан Республикасына карантинге жатқызылған өнімді әкелуге тыйым салуларды немесе оған шектеулерді бұзуга жол бермеу		
14	карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді өткізуге жол бермеу		
15	Карантиндік объектілермен залалданған, карантинге жатқызылған өнімді карантиндік фитосанитариялық аймақтан әкетуге тыйым салуларды немесе шектеулерді бұзуга жол бермеу		
16	Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуге уәкілетті органның рұқсатының болуы		

Қойылатын талаптарға сәйкес болған жағдайда «+» белгісі қойылады; Қойылатын талаптарға сәйкес емес болған жағдайда «-» белгісі қойылады.

Органың лауазымды адамы (дары):

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Тексерілетін субъектінің басшысы:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)), лауазымы (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК